КОПИЯ/КӨШІРМЕ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

26 наурыз 2024 жыл №4712-24-00-2/665 іс Ақтау қаласы

Маңғыстау облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы А.Ш.Тленов, оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен азаматтық ісін қарап,

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
"Мұнайлы аудандық жер қатынастары бөлімі" мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
Жеке кәсіпкер "Имамкул" атынан әрекет етуші Ұлмекен Наврузбекқызы Имамкул

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 223-226, 229 – баптарын басшылыққа ала отырып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы "Мұнайлы аудандық жер қатынастары бөлімі" мемлекеттік мекемесінің жауапкер жеке кәсіпкер "Имамкул" атынан әрекет етуші Ұлмекен Наврузбекқызы Имамкулді мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану туралы талап қоюы – қанағаттандырылсын.

Жеке кәсіпкер "Имамкул" атынан әрекет етуші Ұлмекен Наврузбекқызы Имамкул мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

Жеке кәсіпкер "Имамкул" атынан әрекет етуші Ұлмекен Наврузбекқызы Имамкулден мемлекет пайдасына 1846 (бір мың сегіз жүзқырық алты) теңге мемлекеттік баж алымы өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы. Арыз, егер жауапкер талап қою арызының келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде хабарландырылмаған және пікірді, сондай-ақ шешімнің мазмұнына әсер ете алатын дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда беріледі.

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

Шешімге осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткен соң, ал егер арыз берілген жағдайда – сот осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзім ішінде апелляциялық тәртіппен тараптар шағым жасауы немесе прокурор өтінішхат келтіруі мүмкін.

Судья А.Ш.Тленов

Құжатқа қол қойылған: Тленов А. Ш., 02.04.2024

Заңды күшіне енген күні: 14.05.2024, судья Тленов А. Ш., 15.05.2024

4712-24-3-1/525